ие сфер человеческой жизни подвергаются влиянию со стороны роботов с искусственным интеллектом. Основным спорным моментом в использовании искусственного интеллекта является вопрос определения юридической ответственности за возможные негативные последствия, которые могут наступить в результате действий машины, оснащенной с искусственным интеллектом.

В статье дана характеристика искусственного интеллекта, представлен обзор современного состояния искусственного интеллекта с позиции возможности и рациональности предоставления ему правосубъектности. Данная статья раскрывает проблемные вопросы определения правовой ответственности за наступление вреда действиями таких машин. Вместе с тем в рамках статьи приведены реальные случаи причинения человеку негативных последствий искусственным интеллектом, а также рассмотрены ситуации, которые неизбежны в будущем в силу интенсивного развития цифровых технологий и повсеместного внедрения искусственного интеллекта. В статье в качестве лиц, ответственных за действия искусственного интеллекта предлагается рассмотреть следующие категории: изобретатель, программист, компания – разработчик программного обеспечения, завод-изготовитель, собственник, третье лицо в случае его перепрограммирования на причинение вреда.

Понятие искусственного интеллекта в законодательстве Республики Казахстан отсутствует, равно как и вопросы правового регулирования деятельности такого интеллекта. Анализ обзора текущей ситуации по обозначенной проблеме демонстрирует высокую степень необходимости уделить должное внимание вопросам разработки соответствующей терминологии в сфере робоправа, определения четких прав, обязанностей и ответственности участников правоотношений с использованием искусственного интеллекта.

Вместе с тем в статье предпринята попытка дать максимально полный анализ с позиции теории и практики. В ходе исследования темы приведены мнения авторитетных зарубежных теоретиков, а также уделено отдельное внимание европейской практике.

Статья рекомендована для юристов-ученых, практиков, людей интересующихся вопросами правосубъектности искусственного интеллекта.

CERTAIN ISSUES OF THE LEGAL PERSONALITY OF ROBOTS WITH ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Ayana Beken

Senior researcher of Civil, civil procedural legislation
and executive proceedings department of the Institute
of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan,
PhD student at KazGUU University, Master of legal sciences;
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: ayana_utegenova@mail.ru.

Keywords: artificial intelligence; robot; legal personality; legal liability; electronic person.

Abstract. Today, the topic of legal personality of artificial intelligence (AI) tends to be relevant and deserves scientific reflection due to the fact that more and more areas of human life are influenced by robots with AI. The main controversial point in the use of artificial intelligence appears to be the question of determining the legal liability for possible negative consequences that may occur as a result of the actions of a machine equipped with AI.

This article gives a characteristic for AI, presents the general overview of the current state of AI from the perspective of the possibility and rationality of giving a legal personality to it. The problematic issues of determining legal liability for harm caused by the actions of such machines are revealed in the article as well. At the same time, the article provides real cases of negative effects to humans caused by AI, as well as situations that are unavoidable in the future due to the intensive development of digital technologies and the widespread introduction of AI. The article proposes to consider the following categories of persons that could be regarded as responsible for the actions of AI: inventor, programmer, software company, manufacturing plant, the owner, a third person in case of reprogramming it to cause harm.

The concept of AI as well as the issues of its legal regulation are absent in the legislation of the Republic of Kazakhstan. The analysis conducted on the review of the current situation with the identified problem demonstrates a high degree of need to pay due attention to the development of appropriate terminology in the field of robot law, setting clear rights, obligations and responsibilities for participants taking part in legal relations using AI.

At the same time, the article attempts to give the most complete analysis from the standpoint

of theory and practice. In this regard within the research conducted upon the topic the views of authoritative foreign theorists are given in the article, along with that special attention is paid to European practice.

The article is recommended for legal scholars, practitioners and people interested in issues of the legal personality of artificial intelligence.

Қазіргі таңда бүкіл дүние жүзінде цифрлы технологиялар шарықтап даму үстінде, соның бірі - жасанды интеллект. Жасанды интеллект адамзат өмірінің барлық салаларына дерлік әлсін-әлсін енуде.

Заңнамалық базаға келер болсақ, бүгінгі күні бірқатар шет елдердің, атап айтқанда, АҚШ, Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея және Ұлыбританияның заңдары мен заңға тәуелді актілерінде негізінен жасанды интеллектіні әзірлеу мен өндіру, табыс табу мәселелеріне баса назар аударылған. Мәселен, 2008ж. Кореяда қабылданған «Ақылды роботтарды дамыту және тарату туралы» заң 2016 жылғы өндіріс деңгейін 80%-ға көтеріп, елге 4 млрд доллар қаражат әкелді¹.

Бұл ретте, жасанды интеллектіні қолдануға бақылау орнатуды құқықтық реттеу, сондай-ақ робот адамға зиян келтірген жағдайдағы құқықтық жауапкершілік мәселелері назардан тыс қалып отыр. Алайда, қазірдің өзінде жасанды интеллектімен жабдықталған роботтарды қолданудың әлемдік тәжірибесінде орын алған олардың ықтимал қаупін көрсететін прецеденттер аз емес. Мысалы, 1997ж. пошта роботы әйел адам аяғын басып өтіп, оны шкафта қамап қойған. 2014ж. Ганноверде 44 жасар адам басына жоғарыдан робот босата салған болат бөрене құлап түскен. Одан басқа, Германиядағы CURPAS орталығының басшысы Уве Майнберг атап өткендей, егер дрон жүгін түсіріп алып, ол жүк жерге емес, адамның басына түскен жағдайда, жауапкершілік кімге артылуы тиіс [1]? Жақын келешекте жолдарымызда өздігінен жүретін автокөліктердің тарауымен ондай жағдайлардың бұрынғыдан да арта түсуі болжануда. Бұл жағдайда келесі сұрақтар орынды: «Жолда болған көлік апаты үшін кім кінәлі? Мұндай жағдайда робот не істеуі керек? Ол қабылдайтын шешімдердің негізінде қандай моральдық және құқықтық нормалар жатуы тиіс?».

Бұл ретте, жасанды интеллектімен жабдықталған роботтың өзіне бағдарламамен жүктелген алгоритм шеңберінде ғана әрекет ете алуын естен шығармаған жөн. Яғни белгілі бір жағдай орын алған кездегі роботтың басшылыққа алатын әдептілік және құқық нормалары оның құрастырушысының мақсаттары мен міндеттеріне тікелей тәуелді. Осылайша, жасанды интеллект, бір жағынан, жаппай қырып-жою құралы ретінде автономды

қару бола алса, екінші жағынан, ғылым мен техниканың өрлеуіне жәрдемдесе алады.

Жоғарыда айтылып өткендей, келешекте роботтардың адамдар өміріне әсері бұрынғыдан да әлдеқайда арта түсері сөзсіз. Осы орайда нақты кінәліні айқындауға тура келетін, роботтар қатысуымен болатын адамдар үшін қауіпті жағдайлар туындауы алдыңғы мысалдардан-ақ анық. Сол себепті ғалымдар арасында ерекше қызу талқыланып жатқан мәселе - роботтың құқық субъектісі ретінде танылу мүмкіндігі. Оның астарында күні бүгінге дейін шешімін таба алмай келе жатқан келесі сұрақтар жатыр: «Жасанды интеллектіге құқықтар берілуге тиіс пе және нақты қандай құқықтар?», «Жасанды интеллект тарапынан келтірілген зиян үшін кім және қандай түрде жауап беруге тиіс?».

Технологиялар дамыған сайын жасанды интеллектінің күрделене түсуіне және кеңінен қолданысқа ене бастауына байланысты «кез келген шешімді қабылдайтын ақырғы субъект – адам» деген іргелі тұжырым уақыт өте келе өзектілігін жоғалтуда. Ал бұл, өз кезегінен, тағы да заңды жауапкершілікті белгілеу мәселесін көтереді [2].

БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы хатшылығының халықаралық шарттарда электронды құралдарды қолдану туралы түсіндірме хатында былай делінген: «машина өндеп шығарған кез келген хабарлама үшін жауапкершілікті компьютерді бағдарламалаған тұлға (жеке, заңды) көтеруге тиіс» (12-бап) [3, 383].

Джон Байерс машиналар әрекеті үшін жауапкершілікті айқындау проблемасының осы уақытқа дейін біржақты және дәстүрлі түрде шешіліп келгендігін атап өтеді. Мұндай машина оны иемденуші не басқарушы тұлғаның құралы ретінде қарастырылатын болған. Машинаның жеке жауапкершілігіне немесе оның құқық субъектілігіне қатысты еш сұрақ туындамайтын, себебі бұрын машиналар автономды немесе жартылай автономды қызметті жүзеге асыра алмайтын еді [4, 8].

Қазіргі күні жасанды интеллектінің келесі негізгі сипаттамалары оның құқық субъектілігін және өз әрекеті үшін заңды жауапкершілік көтеру қабілетін анықтау проблемасының өзектілігін арттыра түсуде:

- автономдылық және өзін-өзі ұйымдастыру;

¹ Intelligent robots development and distribution promotion act // http://elaw.klri.re.kr/eng_mobile/viewer.do?hseq=17399&type=sogan&key=13. Жүгіну мерзімі: 02.12.19.

- үйренуге және өз бетімен үйренуге бейімдік;

- зерделі ойлауға және соған сәйкес мінез-құлық көрсетуге бейімдік.

Бұл қасиеттердің үйлесуі өндіруші немесе бағдарламашы баста көздемеген әрекеттердің жасалу ықтималдығын арттырады [5, 14].

Дж. Балкиннің пайымдауынша, жасанды интеллект өз әрекеті үшін дербес жауапкершілік көтере алмайды және құқық субъектілікке ие бола алмайды делік, бұл жағдайда жауапкершіліктің тиісті субъектісін айқындауға қатысты өзге проблема туындайды, себебі жасанды интеллект қызметін реттеу мен басқаруға қатысатын тұлғалар шеңбері тым ауқымды. Мәселен, олардың қатарына иелер, операторлар, жобалаушылар жатқызылуы мүмкін. Егер жауапкершілікті олардың арасында бөлу мүмкіндігін қарастыратын болсақ, онда мұндай тұлғалар кінәсының деңгейін, әсіресе олардың зиян келтірілуі мүмкін екенін білгендігін дәлелдеу қиынға соғатын жағдайда, анықтау проблемасы туындайды [6, 52].

Теорияда жасанды интеллект әрекеті зиянды салдарға әкеп соққан жағдайда, оның жауапкершілігін (қылмыстық жауапкершілікті қоса алғанда) анықтаудың келесі негізгі модельдерін бөліп қарастырады:

- жасанды интеллект кінәсіз ретінде, құқық бұзушы қолындағы құрал есебінде қарастырылатын модель;

- «табиғи ықтимал салдар моделі», оған сәйкес жасанды интеллектінің әрекеті өзін бағдарламалаудың табиғи, қисынды, заңдылыққа сай, ықтимал салдары ретінде бағаланады. Сонымен қатар, аталмыш модель шеңберінде машинаны бағдарламалаған тұлға қызметтік немқұрайлылық танытқан болып есептеледі;

- жасанды интеллектінің өз әрекеті үшін дербес тікелей жауапкершілік көтеруін көздейтін модель [7, 133].

Берілген модельдерді қабылдау мен іске асыру әртүрлі заңнамалық әдіс-тәсілдермен шаралардың қолданылуын қажет ететіндігі сөзсіз.

Р. Линес пен Ф. Люсиверо пайымдауынша, жасанды интеллект, негізінен, заңды тұрғыдан алып қарайтын болсақ, құрал ретінде қарастырылуға тиіс. Сәйкесінше, мұндай көзқарас шеңберінде аталмыш жасанды интеллект әрекеті үшін заңды жауапкершілік жүктелетін және оның әрекеті заң талаптарына сай болуын қамтамасыз ететін нақты тұлға болуға тиіс [8, 16].

Берілген модель дәстүрлі әрі кеңінен тараған модель болып табылады. Оны іске асыру қолданыстағы заңнамаға айтарлықтай тұжырымдамалық сипаты бар өзгерістер енгізуді қажет етпейді.

Сөзсіз, жасанды интеллектіні өз әрекеті үшін заңды жауапкершілікке тарту мүмкін-

дігі туралы мәселе оның құқық субъектілігін анықтау мәселесімен тікелей байланысты, және бұл тақырып ғылыми теория жүзінде қазіргі кезде ерекше пікір-талас тудыруда.

Мәселен, Н. Невеянс айтуынша, толық құқық субъектілікке ие автономды роботтар идеясы мүлдем орынсыз болып табылады. Аталған тақырыпты зерттей келе, Н. Невеянс жасанды интеллектіге құқық субъектілікті бере отырып, біз оны адамға лайықтауға тырысатынымызды атап өтеді. Мәселен, мысал ретінде ол жануарлар құқықтарын қорғаушыларды келтіреді. Олардың пікірінше, кейбір жануарлар - рухани азап пен рефлексияны сезіне алатын саналы тіршілік иелері, оларды жансыз заттардан ерекшелейтіні де осы қасиеттер. Жасанды интеллектінің ықтимал құқық субъектілігі санамен не сезімдермен байланысты болуы мүмкін емес, сәйкесінше, оған құқық субъектілік берудің жалғыз ғана мақсаты өз әрекеті үшін жауапкершілік көтеру қабілетін беру болып табылады [9, 15].

Алайда П. Асароның пікіріне жүгінсек, құқық субъектілік тұжырымының кейбір аспектілерін тұлға ұғымына толық жауап бермейтін субъектілерге қатысты қолдануға болады. Яғни оған сәйкес жасанды интеллект квази құқық субъектілікке ие бола алатын субъектілер ретінде қарастырылуға жатады [10, 3].

Жасанды интеллектінің құқық субъектілігін заңды не жеке тұлға құқық субъектілігімен салыстыру заңды тұрғыдан, шын мәнінде, қисынсыз, себебі Н. Невеянс айтуынша, соңғы аталғандардың қызметінің ар жағында қалай да нақты адамдар тұратыны меңзеледі және заңды тұлға бұл адамдардың қалауынан тыс өздігінен шешім қабылдап, әрекет етуі мүмкін емес [9, 16].

Жасанды интеллектіге кейбір шектеулі құқықтар беріп, міндеттер жүктеу оған жалпы толық құқық субъектілік беру үшін емес, белгілі бір саладағы қандай да бір мақсаттарға қол жеткізу үшін іске асырылуы тиіс, мәселен, қылмысты тергеу барысында смартфонда орнатылған виртуалды көмекші арқылы алынатын аудио жазбаларға қол жетімділік туралы мәселе қозғалатын жағдайда [11, 11].

Осылайша, бірқатар авторлардың пікіріне сүйенсек, жасанды интеллектіге квази-құқықтар беру кезінде оларға шынайы құқықтар беру туралы емес, қолданыстағы заңдарды қолдануды жеңілдетуге бағытталған заңды фикция жайлы сөз болмақ.

Бұл ретте, жасанды интеллектіге бойында шынайы тұлғаға тән қасиеттердің жоқтығына қарамастан, белгілі бір нақты салаларда жекелеген құқықтар мен белгілі бір квази құқық субъектілік берілуі мүмкін болса да, қылмыстық жауапкершілікті анықтау саласында роботта өзіндік сана жоқ болуына байланысты бұл мүмкін емес.

Жасанды интеллект өзінің зиянды әре-

кетінің салдарын шынайы әрі толық көлемде түсіне алмайды. Бұл, өз кезегінен, қылмыстың субъективті жағының болмауына, демек, қылмыс құрамының да болмауына әкеп соғады.

Осылайша, жасанды интеллектінің дербес жауапкершілігі мәселесі бүгінгі күні тығырыққа тіреліп, шешімін таба алмауда, себебі қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шараларын жасанды интеллектіге қолдану мүмкін емес.

Мәселен, Г. Халлеви жасанды интеллектіні қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігін қарастыра келе, мұндағы басты мәселе құқық бұзушылықтың субъективті жағының болуы екендігін ерекше атап өтеді [12, 178].

Тіпті жасанды интеллектіні қатал жауапкершілікке тартқанның өзінде бұл қылмыстық жазалаудың мақсаттарына толық қол жеткізуді қамтамасыз ете алмайды, себебі жасанды интеллект өзінің жауапкершілікке тартылу фактісіне ғана бола түзеле алмайды, ал ықтимал жазалау шарасының мерзімі мен қатандығы оның кейінгі бұрыс әрекетінің алдын ала алмайды, өйткені жасанды интеллект үшін мұндай шаралардың еш мән-маңызы жоқ.

Дегенмен, жасанды интеллектімен жабдықталған робот келтірген зиян үшін құқықтық жауапкершілік мәселесін шешудегі алғашқы қадам ретінде 2017 ж. ақпандағы «Робот техникасы туралы азаматтық құқық нормалары» атты Европарламент қарарының қабылдануын келтіруге болады. Аталмыш құжат ақылды машиналарды тіркеудің жалпы еуропалық жүйесін енгізуді ұсынады, яғни роботтарға жеке тіркеу нөмірлері беріле отырып, олар арнайы тізілімге енгізілетін болады. Осы нөмір негізінде роботтарды олардың өндірушісі, иесі және зиян келтірілген жағдайда өтемақы төлеу шарттары туралы деректерді көру арқылы анықтауға мүмкіндік туады. Роботтарды есепке алу мен бақылау жүргізу қызметін сүйемелдеу мақсатында робот техникасы және жасанды интеллект жөніндегі мамандандырылған агенттік құру жоспарлануда.

Бұдан басқа, қабылданған қарар робот келтірген зиян үшін жауапкершілікті сақтандыруды енгізуді көздейді. Осындай тәуекелдерді міндетті сақтандыру зардап шегуші тарапқа өзіне тиесілі өтемақы мөлшерін алуына мүмкіндік береді, ал зиян сақтандырумен қамтыл-

майтын жағдайда, резервтік өтемақы қорының қолданылу мүмкіндігі көзделген [13, 43].

Қазақстан Республикасының жасанды интеллект саласындағы заңнамасының қазіргі жай-күйіне келер болсақ, бүгінгі таңда ол қанағаттанарлықтай бағаға лайық емес. «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі көрсеткендей, «робот», «робот техникасы» сөздері тек бірнеше заңнамалық және заңға тәуелді актілерде кездеседі. Мәселен, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы², Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы³. Осы орайда, робот құқығын қалыптастырудағы басты кедергі – осы саладағы арнайы заң терминологиясының жоқтығы. «Жасанды интеллект» ұғымы да заңдастыруды қажет етеді.

Жасанды интеллектінің және жалпы ақпараттандырудың барлық жетістіктеріне қарамастан, халықаралық қауымдастық дәл қазір белгісіздік күй кешуде. Мүмкін болашақта жасанды интеллектінің халықаралық қатынастар үшін маңызды фактілер мен салдар жиынтығына баға бере отырып, саяси шешімдердің қабылдануына әсер ете алатындай сәттің де куәсі болармыз. Алайда, мұндағы басты мәселе – қаншалықты әлемдік қауымдастық соған дайын және нәтижесі көңілден шығатындай болар ма екен. Осы орайда, сөзсіз, роботтарды пайдаланудан туындайтын жағдай қатысушыларының міндеттері мен жауапкершілігі мәселесі жақын келешекте жаппай шешілуге, жекелеген заңнамалық актілермен анықталуға және құқықтық реттелуге тиіс. Бұл ретте, қазіргі таңда жаңа технологиялар мен дәстүрлі құқықтың ескі конструкциялары арасындағы орта теңгерімді айқындап, болашақтағы ықтимал өзгерістер үшін де орын қалдыру қажет. Бүгінгі күнгі теория мен практикадағы көзқарастар ішіндегі ең абзалы әзірлеушілер, жасанды интеллектіні қолданушылар мен технологияның өзі арасындағы жауапкершілік аймақтарын нақты ажырата алатын құқықтық реттеу тетігін қалыптастыру іспеттес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ирискина Е.Н., Беляков К.О. Правовые аспекты гражданско-правовой ответственности за причинение вреда действиями Робота как квазисубъекта гражданско-правовых отношений // Гуманитарная информатика. 2016. №10. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovyye-aspekty-grazhdansko-pravovoy-otvetstvennosti-za-prichinenie-vreda-deystviyami-robota-kak-kvazisubekta-grazhdansko-pravovyyh> (Жүгіну мерзімі: 02.12.2019);

² Әділет» АҚЖ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561>. Жүгіну мерзімі: 02.12.19.

³ Әділет» АҚЖ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019105>. Жүгіну мерзімі: 02.12.19.

2. *Ethically Aligned Design: A Vision for Prioritizing Human Well-being with Autonomous and Intelligent Systems Version 2* / The IEEE Global Initiative on Ethics of Autonomous and Intelligent Systems // <https://standards.ieee.org/develop/indconn/ec/ead_law.pdf>. - P. 92 (Жүгіну мерзімі: 02.12.2019);
3. Cerka P., Grigiene J., Sirbikyte G. Liability for damages caused by artificial intelligence // *Computer Law & Security Review*. - 2015, June. - Vol. 31. - Issue 3. - P. 376-389;
4. Buyers J. Liability Issues in Autonomous and Semi-Autonomous systems // <https://www.osborneclarke.com/media/filer_public/c9/73/c973bc5c-cef0-4e45-8554-f6f90f396256/itech_law.pdf>. 2015 (Жүгіну мерзімі: 02.12.2019);
5. Редькина А.И. Концепция автономности в праве: теоретический аспект // *Право и образование*. 2016. № 11. С. 13-21;
6. Balkin J.B. The Path of Robotics Law // *California Law Review*. 2015, June. Vol. 6. P. 45-60;
7. Морхат П.М. Искусственный интеллект: правовой взгляд: Научная монография / РОО «Институт государственно-конфессиональных отношений и права». – М.: Буки Веди, 2017. С. 258;
8. Leenes R., Lucivero F. Laws on Robots, Laws by Robots, Laws in Robots: Regulating Robot Behaviour by Design // *Law, Innovation and Technology* (2014) 6(2) LIT 194–222;
9. Nevejans N. European civil law rules in robotics: study / Policy Department for «Citizens' Rights and Constitutional Affairs», European Parliament's Committee on Legal Affairs // <[https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2016/571379/IPOL_STU\(2016\)571379_EN.pdf](https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2016/571379/IPOL_STU(2016)571379_EN.pdf)>. 2016. 34 p. (Жүгіну мерзімі: 02.12.2019);
10. Asaro P.M. Robots and Responsibility from a Legal Perspective // <<http://peterasaro.org/writing/ASARO%20Legal%20Perspective.pdf>>. 5 p. (Жүгіну мерзімі: 02.12.2019);
11. Artificial Intelligence and the Legal Profession / The Law Society's Horizon Scanning programme // <<https://www.lawsociety.org.uk/support-services/research-trends/horizon-scanning/artificial-intelligence/>>. 2017. 14 p. (Жүгіну мерзімі: 02.12.2019);
12. Hallevy G. The criminal liability of artificial intelligence entities - from science fiction to legal social control // *Akron Intellectual Property Journal*. - 2010. - Vol. 4. - P. 171-201;
13. Цуканова Е.Ю. Правовые аспекты ответственности за причинение вреда роботом с искусственным интеллектом / Е.Ю. Цуканова, О.Р. Скопенко // *Вопросы российского и международного права*. 2018. Т. 8, № 4А. С. 42-48.

REFERENCES

1. Iriskina E.N., Beljakov K.O. Pravovye aspekty grazhdansko-pravovoj otvetstvennosti za prichinenie vreda dejstvijami Robota kak kvazisub#ekta grazhdansko-pravovyh otnoshenij // *Gumanitarnaja informatika*. 2016. №10. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-aspekty-grazhdansko-pravovoy-otvetstvennosti-za-prichinenie-vreda-deystviyami-robota-kak-kvazisubekta-grazhdansko-pravovyh> (Zhyginu merzimi: 02.12.2019);
2. *Ethically Aligned Design: A Vision for Prioritizing Human Well-being with Autonomous and Intelligent Systems Version 2* / The IEEE Global Initiative on Ethics of Autonomous and Intelligent Systems // <https://standards.ieee.org/develop/indconn/ec/ead_law.pdf>. - P. 92 (Zhyginu merzimi: 02.12.2019);
3. Cerka P., Grigiene J., Sirbikyte G. Liability for damages caused by artificial intelligence // *Computer Law & Security Review*. - 2015, June. - Vol. 31. - Issue 3. - P. 376-389;
4. Buyers J. Liability Issues in Autonomous and Semi-Autonomous systems // <https://www.osborneclarke.com/media/filer_public/c9/73/c973bc5c-cef0-4e45-8554-f6f90f396256/itech_law.pdf>. 2015 (Zhyginu merzimi: 02.12.2019);
5. Red'kina A.I. Konceptija avtonomnosti v prave: teoreticheskij aspekt // *Pravo i obrazovanie*. 2016. № 11. S. 13-21;
6. Balkin J.B. The Path of Robotics Law // *California Law Review*. 2015, June. Vol. 6. P. 45-60;
7. Morhat P.M. Iskustvennyj intellekt: pravovoj vzgljad: Nauchnaja monografija / ROO «Institut gosudarstvenno-konfessional'nyh otnoshenij i prava». – М.: Buki Vedi, 2017. С. 258;
8. Leenes R., Lucivero F. Laws on Robots, Laws by Robots, Laws in Robots: Regulating Robot Behaviour by Design // *Law, Innovation and Technology* (2014) 6(2) LIT 194–222;
9. Nevejans N. European civil law rules in robotics: study / Policy Department for «Citizens' Rights and Constitutional Affairs», European Parliament's Committee on Legal Affairs // <[https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2016/571379/IPOL_STU\(2016\)571379_EN.pdf](https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2016/571379/IPOL_STU(2016)571379_EN.pdf)>. 2016. 34 p. (Zhyginu merzimi: 02.12.2019);
10. Asaro P.M. Robots and Responsibility from a Legal Perspective // <<http://peterasaro.org/writing/ASARO%20Legal%20Perspective.pdf>>. 5 p. (Zhyginu merzimi: 02.12.2019);
11. Artificial Intelligence and the Legal Profession / The Law Society's Horizon Scanning programme // <<https://www.lawsociety.org.uk/support-services/research-trends/horizon-scanning/artificial-intelligence/>>. 2017. 14 p. (Zhyginu merzimi: 02.12.2019);
12. Hallevy G. The criminal liability of artificial intelligence entities - from science fiction to legal social control // *Akron Intellectual Property Journal*. - 2010. - Vol. 4. - P. 171-201;
13. Cukanova E.Ju. Pravovye aspekty otvetstvennosti za prichinenie vreda robotom s iskustvennym intellektom / E.Ju. Cukanova, O.R. Skopenko // *Voprosy rossijskogo i mezhdunarodnogo prava*. 2018. Т. 8, № 4А. S. 42-48.